

Қазақстан Республикасының әуе трассаларын әуе кемелерімен пайдалануға рұқсат беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2003 жылғы 9 желтоқсандағы N 565 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 26 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2643. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010 жылғы 20 қыркүйектегі N 422 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.09.20 N 422 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Заңына, "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Президентінің Заң күші бар жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 қаңтардағы N 285 "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының әуе трассаларын әуе кемелерімен пайдалануға рұқсат беру ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары Б.М.Наурзалиевке жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрлігінің Азаматтық
авиация комитеті Төрағасының
2003 жылғы 9 желтоқсандағы
N 565 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының әуе трассаларын әуе кемелерімен пайдалануға рұқсат беру ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының әуе трассаларын әуе кемелерімен пайдалануға рұқсат беру Ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Жарлығының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 қаңтардағы N 285 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану ережесінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінде ұшудың негізгі ережелерінің және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын тиісті халықаралық келісімдері ескерілген өзге де нормативті құқықты кесімдерде бекітілген талаптарына сәйкес әзірленген.

2. Ереже Қазақстан Республикасының әуе трассаларын әуе кемелерімен пайдалануға рұқсат беру тәртібін анықтайды.

3. Осы Ережеде қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) әуе трассасы - әуе кемелері ұшу үшін тағайындалған және әуе қозғалысын басқару жүйесінің аэронавигациялық қондырғыларымен бақыланатын дәліз тәрізді әуе кеңістігі;

2) әуе трассасын әуе кемелерімен пайдалануға рұқсат (бұдан әрі - рұқсат) Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның 37 бабына сәйкес Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ХААҰ) Кеңесімен қабылданған әуе трассаларына, байланыс жүйесіне және радиотехникалық құралдарға қатысты халықаралық стандарттар және ұсынылған тәжірибе, ұшу ережелерінің және әуе қозғалысына қызмет көрсету тәжірибесінің талаптарына әуе трассасының сәйкестігін куәландыратын құжат;

3) өтінім - сертификаттық тексеру үрдісін өту үшін уәкілетті органға өтініш берушінің жазбаша арызы;

4) өтінім беруші - әуе қозғалысын қамтамасыз ететін және қызмет көрсетуге жауап беретін, Сертификат алу үшін уәкілетті органға өтініш берген азаматтық а в и а ц и я ұ й ы м ы ;

5) аймақтық навигация (RNAV) - әуе кемелеріне кез келген траектория бойынша радиомәтiк навигациялық құралдардың әрекет аймақтары шегiнде және автономды құралдардың немесе олардың құрамдастырымдарының мүмкiншiлiктерiмен анықталатын шектерiнде ұшу жасауға мүмкiншiлiк беретiн н а в и г а ц и я ә д i с i ;

б) инспекциялық бақылау - әуе трассасының және оның жабдықтарының Халықаралық Стандарттарының және Ұсынылған тәжірибе талаптарына

сәйкестігін уәкілетті орган тарапынан бақылау және әуе қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

7) бақыланатын әуе кеңістігі - прибор бойынша ұшу ережелері бойынша (ПҰЕ) және визуальді ұшулар ережелері бойынша (ВҰЕ) ұшулардың әуе кеңістігінің жіктелуіне сәйкес ұшулардың диспетчерлік қызмет көрсетілуіне рұқсат берілген белгілі мөлшер шегіндегі әуе кеңістігі;

8) аймақтық навигацияның бағдары - аймақтық навигация қолдана алатын әуе кемелеріне бекітілген ӘҚҚК бағдары;

9) әуе қозғалысына қызмет көрсету бағдары (ӘҚҚК) - әуе қозғалысына қызмет көрсету мақсатында қозғалыс ағынының бағыты үшін тағайындалған бекітілу бағдары;

10) әуе қозғалысына қызмет көрсету (бұдан әрі - ӘҚҚК) - ұшу-ақпараттық қызмет көрсетудің, апараттық ақпараттандырудың, әуе қозғалысының консультативті қызмет көрсетілуінің, әуе қозғалысының диспетчерлік қызмет көрсетілуінің тиісті жағдайлардағы мағыналарының жалпы термині;

11) визуалды ұшу ережелері (ВҰЕ) - әуе жағдайда ұшқыштың визуалды бақылау арқылы әуеде әуе кемелері өзге де материалды объектілер арасындағы белгілі интервалдар сақталатын ережелер;

12) аспаптар бойынша ұшулар ережесі (бұдан әрі - АҰЕ) - ОВД органдары тарапынан міндетті бақылау мен әуе кемелері арасында белгіленген эшоландау интервалдарын олардың қамтамасыз етуі кезінде пилоттық-навигациялық аспаптар бойынша ұшуларды көздейтін ереже;

13) ұсынылатын тәжірибе - қауіпсіздікті, халықаралық навигацияның тұрақтылығын немесе тиімділігін қамтамасыз етуі мен Келісуші мемлекет Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес сақтауы үшін біртұтас қолданылуы қажетті болып табылатын нақты сипаттамаларға конфигурацияларға, материалдық бөлікке, техникалық сипаттамаларға, персонал мен ережеге қойылатын кез келген талап;

14) аэронавигациялық ақпарат жинағы (АІР) - аэронавигация үшін зор маңызы бар, ұзақ мерзімді аэронавигациялық ақпараты бар мемлекет шығарған немесе санкциялаған жариялау;

15) жабдық үлгісінің сертификаты - сертификаттық талаптардың жаңа үлгілік жабдығына сәйкестігін куәландыратын құжат;

16) аэронавигациялық ақпарат қызметі (ААҚ) - әуе навигациясының қауіпсіздігін, тұрақтылығын және тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті аэронавигациялық ақпаратты/аэронавигациялық деректерді ұсыну үшін жауапты нақты белгіленген әрекет аймағында құрылған қызмет;

17) стандарт - жеке мінездемеге, конфигурацияға, материалдық бөлікке, техникалық мінездемелерге, персоналға қойылатын кез келген талап немесе

біртұтас қолданылуы қауіпсіздікпен немесе халықаралық аэронавигацияның тұрақтылығымен қамтамасыз ету үшін қажетті болып табылатын және Келісетін мемлекет Конвенцияға сәйкес сақтайтын ереже. Стандартты сақтау мүмкін болмаған жағдайда Кеңеске міндетті тәртіппен 38-бапқа сәйкес хабарлама жіберіледі;

18) талап етілетін навигациялық сипаттамалар (RNP) - белгіленген әуе кеңістігі шегінде ұшуларды орындау үшін қажетті навигациялық сипаттамалар тізбесі;

19) уәкілетті орган - азаматтық авиация саласында мемлекеттік саясаттың, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, азаматтық және эксперименттік авиация қызметін үйлестіру мен реттеуді және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланудың іске асырылуын өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік басқарма органы.

4. Халықаралық Стандарттары және Ұсынылатын тәжірибе талаптарына әуе трассасының сәйкестігін анықтау мен белгілеу сертификаттық тексерудің мақсаты болып табылады.

Барлық әуе трассалары (ішкі және халықаралық) сертификаттауға жатады.

5. Рұқсаттың қолданылу мерзімі осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес белгіленген нысанда шектеусіз болып беріледі.

6. Рұқсат ажырамайтын болып табылады және басқа тұлғаға берілмейді.

7. Рұқсаттарды беруді, есепке алуды, сондай-ақ сертификаттың талаптарды сақтауға инспекциялық бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады. ӘҚҚК өкілетті органы Сертификаттар ұстаушысы болып табылады.

8. Әуе трассаларын әуе кемелерімен пайдалануға рұқсат беру жөніндегі жұмыстар жүргізудің жалпы мерзімі 3 (үш) айдан аспауы тиіс.

9. Тексеруге жататын әуе трассаларының жабдықтар тізбесі 2-қосымшада келтірілген.

2. Өтінімді беру және алдын ала талдау

10. Әуе трассаларын әуе кемелерімен пайдалануға рұқсат беру үшін өтінім беруші уәкілетті органға Халықаралық Стандарттары және Ұсынылатын тәжірибе талаптарына әуе трассасының сәйкестігін растайтын құжаттары бар осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес белгіленген нысанда өтінім жібереді.

11. Уәкілетті орган Халықаралық Стандарттары және Ұсынылатын тәжірибелер талаптарына әуе трассасының сәйкестігін растайтын өтінім мен құжаттарды 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қарайды және өтінім берушіге өтінім бойынша қабылданған шешім туралы осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес хабарлайды.

12. Өтінімге Халықаралық Стандарттары және Ұсынылатын тәжірибе талаптарына әуе трассасының сәйкестігін растайтын мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) әуе трассасының белгіленуі (индекс) және оған белгіленген негізгі нүктелер;

2) осы әуе трассасы мен оның учаскелері бойынша белгіленген ең кем абсолюттік биіктіктер;

3) әуе трассасы немесе оның участіктері, оның ішінде аймақтық навигация (RNAV) бағыттары үшін белгіленген (RNP) үлгі. RNP және ӘҚҚК бағыттарын тағайындау мен белгілеу әдістері Халықаралық азаматтық авиация (ХААҰ) конвенциясының 11-қосымшасында, сондай-ақ Талап етілетін навигациялық сипаттамалар жөніндегі басшылықта (Doc 9613) келтірілген;

4) әуе трассалары мен оның учаскелері бойынша радионавигациялық құралдар мен радиолокациялық жабдықтардың кеңею өлшемдері;

5) тиісті навигациялық құрал үшін мүмкін болатын ауытқуларды ескере отырып, әуе трассасын немесе оның учаскесін айнала (әуе трассасының ені) қорғалған әуе кеңістігін анықтауға қатысты есептер. Әуе трассасы үшін ең кем қорғалған әуе кеңістігін анықтау әдістері Халықаралық азаматтық авиация (ХААҰ) конвенциясының 11-қосымшасында, сондай-ақ Талап етілетін навигациялық сипаттамалар жөніндегі басшылықта (Doc 9613) келтірілген;

6) әуе трассасы мен оның учаскесі бойынша навигациялық байланыстыруды қамтамасыз ететін байланыс, навигациялық және радиолокациялық жабдықтардың тізбесі;

7) ӘҚҚК-"ауа-жер" екі жақты байланыс каналдары әрекетінің ұзақтық және биіктік есебі мен пайдалану көлемі, сондай-ақ әуе трассасы мен оның учаскелері бойынша радиолокациялық және ӘҚҚК радиотехникалық құралдар үшін әрекеттің есептік және пайдалану ұзақтығы мәнінің кестелері;

8) әуе трассаларының белгіленген жоғарғы және төменгі шекаралары;

9) әуе трассасы негізгі нүктелерінің географиялық координаттарын (қабылданған координаттар жүйесі) анықтауға қатысты материалдар;

10) әуе трассасының радиотехникалық жабдықтары мен ӘҚҚК диспетчерлік пункттерінің Халықаралық Стандарттары және Ұсынылатын тәжірибе талаптарына сәйкес мынадай деректер көрсетіліп толтырылған кестелер:

электрбайланыс, навигациялық радиолокациялық жабдық құралдары мен әуе қозғалысымен қызмет көрсету аудандарының жабдығы;

- әуе трассалары мен әуе қозғалысына қызмет көрсететін диспетчерлік пункттердің радиотехникалық жабдық объектілерін электрмен қамтамасыз ету;

11) тактика-техникалық сипаттама немесе Техникалық шарттары (ТШ) бар жабдық дайындаушысы-фирма құжаттарының көшірмелері;

12) жабдық үлгісіндегі сертификаттардың көшірмелері (пайдалануға жабдықтың жарамдылық сертификаттары);

13) әуе трассасы мен әуе қозғалысына қызмет көрсететін навигациялық жабдықтардың жердегі және ұшу тексерістері актілерінің көшірмелері;

14) радиолокациялық жабдық пен байланысты тексеру актілерінің көшірмелері.

13. Құжаттарды растайтын әрбір бөлім бойынша аспаптар мен жабдықтардың ресурстық мерзімі мен пайдаланылу жарамдығы, ғылыми-зерттеу ұйымдары мен тиісті құзыретті органдар, егер олар дәлелдеу құжаттамалары мен ұшу қауіпсіздігінің эквиваленттік деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеуге тартылған болса, қорытындылары барын растайтын техникалық паспорттар көшірмесі қоса берілуі тиіс.

14. Егер өтінім осы Ереже талаптарына сәйкес келмесе немесе әуе трассасының Халықаралық Стандарттары және Ұсынылатын тәжірибе талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар толық көлемде ұсынылмаған жағдайда мұндай өтінім қайтарылу себептері жөніндегі шешімі көрсетіліп кері қайтарылады.

15. Өтінім бойынша ескертулер болмаған кезде (ескертулер жойылғаннан кейін) өтінім жөніндегі шешім негізінде уәкілетті органның бұйрығымен сертификаттық тексеріс жүргізу үшін комиссия құрылады.

3. Әуе трассаларын әуе кемелерімен пайдалануға рұқсат беру мақсатында тексерісі

16. Әуе трассаларын тексеру барысында өтінім беруші өзінің өтінім берген әуе трассасы мен оның жабдықтарының Халықаралық Стандарттары және Ұсынылатын тәжірибе талаптарына сәйкестігін растауы тиіс.

17. Пайдалану құжаттамалары, құжаттарды растайтын деректерді салыстыру, спутниктік жүйелердің жер бетіндегі жабдықтарының (егер осындай болса), радиолокациялық жабдықтың, әуе қозғалысына қызмет көрсету орталықтарының жабдықтарының, навигациялық жабдықтың, сондай-ақ әуе трассаларының әуе қозғалысына қызмет көрсетудің радиотехникалық жабдықтары мен диспетчерлік пункттерінің электрмен қамтамасыз ету объектілерінің аспаптарының іс жүзіндегі жәй-күйінің Халықаралық Стандарттары және Ұсынылатын талаптарына сәйкестігін бағалау.

Әуе трассалары бойынша сенімді радиолокациялық бақылаудың қамтамасыз етілуі, әсіресе қарқынды әуе қозғалыстарымен және ұшудың ауыспалы бейінінің учаскелеріндегі қиылыс және ұқсас нүктелер тексеріледі.

18. Мынадай тексеріс жүргізіледі:

1) екі жақты "ауа-жер" ӘҚҚК байланысының пайдалану ұзақтығы мен әрекет биіктігі, сондай-ақ радиолокациялық және әуе трассасы мен оның учаскелері бойынша радиотехникалық құралдардың ӘҚҚК;

2) әуе трассасы бойынша аралас ӘҚҚК әуе қозғалысын басқаруды беруді қамтамасыз ету ;

3) әуе трассаларының дұрыс белгіленуі, негізгі нүктелердің тағайындалуы мен белгіленуі, сондай-ақ ұшу эшелондарының, ең кем абсолюттік биіктіктің, әуе трассасының жоғарғы және төменгі шекараларының белгілену дұрыстығы;

4) әуе трассасы мен қоса берілген RNP үлгісінің енін (бүйірлік шекарасын) белгілеудің дұрыстығы ;

5) радионавигациялық, радиолокациялық жабдықтармен және әуе трассасы мен 95% сенімгерлік деңгейде әуе трассасының белгіленген ені шегіндегі әуе кемелерін ұстауды қамтамасыз етуге арналған оның учаскелері бойынша жарықтың жеткіліктілігі.

19. Тексеріс нәтижелері бойынша екі данада (Өтінім беруші мен уәкілетті орган үшін) Сертификат беру объектілерінің, түйіндемелерінің, ұсынымдар мен қорытындыларының мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы іс-жүзіндегі жәй-күйі көрсетілген акт жасалады (5-қосымша). Актіге барлық комиссия мүшелері қол қояды және өтінім берушіге танысу үшін ұсынылады.

20. Комиссияның тексеріс мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

21. Рұқсатты ресімдеуді уәкілетті орган жүргізеді.

4. Рұқсатты беру, беруден бас тарту, әрекетін тоқтату және кері қайтару

22. Рұқсатты беру мүмкіндігі туралы қорытындысы бар әуе трассасын сертификаттық тексеру акті Рұқсат беру үшін негіз болып табылады.

Рұқсатты беру мүмкіндігі туралы қорытындысы бар сертификаттық тексеріс актісін жасағаннан кейін уәкілетті орган он күндік мерзімде Рұқсатты ресімдейді және береді.

23. Рұқсат беруден бас тарту әуе трассалары мен оның жабдықтарының Халықаралық Стандарттары және Ұсынылатын талаптарына сәйкес болмаған кезде жүргізіледі.

24. Рұқсат бас тартқан кезде өтінім берушіге бас тарту себептері көрсетіліп негізделген жауап беріледі.

25. Рұқсаттың тоқтатылуы немесе оны беруден бас тарту мынадай себептермен жүргізілуі мүмкін:

1) азаматтық авиациядағы ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша

техникалық шарттар мен талаптар (нашарлау жағына) өзгерген кезде;

2) Азаматтық авиация ұйымының өтініші бойынша;

3) Халықаралық Стандарттары және Ұсынылатын талаптарында өзгерістер болған кезде.

26. Уәкілетті орган тоқтатылу себептерін көрсетіп, Рұқсат әрекетін алты айлық мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

27. Өтініш беруші осы Ереженің 25 тармағында көрсетілген себептерін белгіленген мерзімде жоя алмаған жағдайда уәкілетті орган Рұқсатты кері қайтару туралы шешім қабылдайды.

28. Рұқсат әрекетін қалпына келтіру (егер ол тоқтатылған жағдайда) өтініш беруші табылған кемшіліктерді жойғаннан кейін, уәкілетті органға растайтын құжаттар мен олардың қажетті іс шараларды өткізгенін ұсынғанда уәкілетті орган жүзеге асыруы мүмкін.

29. Рұқсат кері қайтарылған бас тартылған жағдайда әуе трассасының қайта сертификаттық тексеруі кезінде сертификаттық тексеру жүргізу осы Ережеде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Рұқсатқа өзгеріс енгізу және көшірме беру

30. Берілген Рұқсаттарға өзгерістер енгізу мынадай жағдайларда:

1) әуе трассасы атауының (индексінің) өзгеруі;

2) Рұқсатты ресімдеу кезінде жіберілген редакциялық сипаттағы қате табылған кезде;

3) пайдаланушының атауы, оның мәртебесі, ведомстволық тиесілігі және басқа да өзгерістер, егер олар Халықаралық Стандарттары және Ұсынылатын талаптарына сәйкессіздікті көздеме, өзгерген жағдайда;

4) әуе трассалары немесе оның учаскелері бойынша пайдалану талаптары және шектеулер өзгергенде жүргізіледі.

31. Рұқсат көшірмесі ол бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда берілуі мүмкін.

32. Рұқсатқа өзгеріс енгізу немесе көшірмесін алу үшін азаматтық авиация ұйымы бұрын берілген Рұқсаттың қажетті негіздемелері мен қосымшалары бар (жоғалған жағдайлардан басқа) өтінішті осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес уәкілетті органға береді.

6. Халықаралық Стандарттары және Ұсынылатын тәжірибе талаптарынан жіберілетін ауытқулар

33. Әуе кемелерін пайдалануға әуе трассаларын жіберген кезде, егер осындай ауытқулар эквивалентті белгіленген ұшу қауіпсіздігінің деңгейін қамтамасыз

ететін қосымша шараларды енгізумен өтелсе, Халықаралық азаматтық Стандарттары және Ұсынылатын талаптарынан ауытқу жағдайлары жіберіледі.

34. Ұсынылған шаралар ұшу қауіпсіздігінің эквивалентті деңгейін қамтамасыз ету туралы қорытынды түрінде ресімделеді, уәкілетті органмен келісіледі және бекітіледі. Ұшу қауіпсіздігінің эквивалентті деңгейін қамтамасыз ететін шаралар бойынша қажеттілік болған кезде, ұсынылған шаралардың тиімділігінің тексерілуі мен расталуы барысында қосымша сынақ өткізіледі.

Сынақ нәтижелері бойынша ұсынылған шаралардың тиімділігінің қорытындысы бар акт жасалады және сынақ хаттамасымен бірге уәкілетті органға бекіту үшін жіберіледі.

Көрсетілген шаралар пайдалану құжаттамасына енгізілуі мүмкін.

35. Көрсетілген шараларды әзірлеуге және сынауға өтінім берушінің бастамасымен немесе уәкілетті органның талабымен тиісті ғылыми-зерттеу немесе басқа да ұқсас ұйымдар тартылуы мүмкін.

36. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудің эквивалентті деңгейі туралы қорытынды болған кезде Халықаралық азаматтық Стандарттары және Ұсынылатын талаптарынан ауытқулар бір жылдан аспайтын мерзімге жіберілген ретінде біліктіленеді.

7. Әуе трассалары үшін инспекциялық бақылау

37. Инспекциялық бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

38. Әуе трассалары мен олардың жабдықтарының Халықаралық азаматтық Стандарттары және Ұсынылатын талаптарына сәйкестігіне жоспарлы инспекциялық бақылаудың мерзімділігін уәкілетті орган белгілейді, бірақ жылына бір реттен аспауы керек.

39. Инспекциялық тексеріс нақты әуе трассасының ерекшелігін, өткен тексеріс нәтижелерін ескере отырып уәкілетті орган бекіткен бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады. Бағдарлама инспекциялық тексеріс жүргізу туралы шешіммен бір мезетте бекітіледі.

Инспекциялық тексеріс бағдарламасының жүзеге асырылуының барлық кезеңдерінде әуе трассасының сәйкестік деңгейі бастапқы сертификаттау кезінде одан талап етілгенге тең, немесе одан жоғары болуы тиіс.

40. Жоспардан тыс инспекциялық бақылау әуе трассасы мен (немесе) оның жабдығының пайдаланылуы кезінде белгіленген талаптарды сақтау бойынша жіберілген бұзулардың болуы туралы ақпарат түскен жағдайда жүргізілуі мүмкін

Осы ретте ӘҚҚК өкілетті органы қызметінің ақпарат түскенге қатысты мәселелері ғана тексеріледі.

41. Инспекциялық бақылау нәтижелері бойынша бақылау жүргізуді жүзеге асыратын тұлға (тұлғалар) қол қоятын екі данадағы (өтінім беруші мен уәкілетті орган үшін бір бірден) акт жасалады.

42. Рұқсат әрекеті тоқтатылған, кері шақырылған немесе танылған жағдайда уәкілетті орган ӘҚҚК өкілетті органына және аэронавигациялық ақпарат қызметіне қабылданған шешім туралы хабарлайды.

43. Рұқсатты кері қайтару туралы шешім тиісті органдарды хабарлай отырып, Қазақстан Республикасының Әуе трассаларының тізбесіне шыққан сәттен бастап күшіне енеді.

44. Рұқсатты кері қайтару кезінде азаматтық авиация ұйымы уәкілетті органға Рұқсатты дереу қайтаруы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
Министрлігінің азаматтық
авиация Төрағасының
2003 жылғы 9 желтоқсандағы
N 565 бұйрығымен бекітілген
әуе трассаларын әуе
кемелерімен пайдалануға
рұқсат Ережелеріне
1 қосымша

елтаңба

уәкілетті орган атауы

Әуе трассасын әуе кемелерімен

пайдалануға

Рұқсат

Серия ВТ N ____

ҚР ӘТ Мемлекеттік

Тізімінде тіркелген

" ____ " _____ 200__ ж. берілді
әрекет мерзімі: тұрақты

1. ӘТ _____

2. ӘТ негізгі нүктелері (бірінші, аралық, соңғы)

3. ӘҚҚК органдары _____

4. Осымен әуе трассасы _____

(әуе трассасының атауы)

және оның жабдықтары Азаматтық және Ұсынылатын талаптарына сәйкес және негізгі Рұқсатқа қосымшаға белгіленген шектеулерді ескеріліп әуе кемесін пайдалануға _____ рұқсат _____ етіледі.

5. Рұқсатты беру үшін негіз Сертификаттық тексеру (бақылау) кесімі
к о м и с с и я с ы

(уәкілетті органның атауы)

6. _____

_____ инспекциялық бақылау жүзеге асырады.

Рұқсат берген органның басшысы

М

О

қолы, фамилиясы, аты-жөні

Серия ВТ N _____

Пайдалану талаптары және шектеулер

Әуе трассасының (индекс)	Әуе атауы.	RNP жа.	Әуе трассасы сасы.	Әуе трассасының зыл.	Әуе трассасының бекітілген жоғарғы/төменгі	Ескертулер
Негізгі нүктелердің атаулары.	ның жаб.	ған үл.	ені	шекарасы.	Әуе	
Координаттары	дың.	гісі		кеңістігінің		
	тары			классификациясы.		
				Минимальді		
				абсолюттік		
				биіктігі		

Уәкілетті органның басшысы

М

О

қолы, фамилиясы, аты-жөні

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
Министрлігінің азаматтық
авиация Төрағасының
2003 жылғы 9 желтоқсандағы
N 565 бұйрығымен бекітілген
әуе трассаларын әуе
кемелерімен пайдалануға
рұқсат Ережелеріне
2 қосымша

Сертификаттауға жататын әуе трассаларының жабдықтарының тізілімі Спутниктік жүйенің жердегі жабдықтары

1. GNSS (GPS/GLONASS) - ғаламдық спутниктік навигациялық жүйенің
функциональді қосымшасының жердегі жүйесі:

- жергілікті шегермелі жүйе;
- кең аймақты шегермелі жүйе.

2. Байланыстың авиациялық өзгермелі спутниктік жүйесінің жердегі
жа б д ы қ т а р ы .

3. Байланыстың авиациялық тіркелген спутниктік жүйесінің жердегі
жабдықтары.

Радиолакациялық жабдық

- 4. Трассалық радиолакациялық кешендер (ТРЛК)
- 5. Шолу радиолакациялық стансалары (ШРЛ)
- 6. Екінші рет шолу радиолакаторлары (ЕРЛ)
- 7. Радиолакациялық ақпаратты бірінші рет өңдеу қондырғысы (АБӨҚ)
- 8. Радиолакациялық ақпаратты жіберу және қабылдау қондырғысы.

Әуе қозғалысына қызмет көрсету аудандарының жабдықтары

9. Радиолакациялық және радиопеленгациялық ақпаратты өңдеудің
бағдарлама-аппаратының құралдары

10. Автоматты тәуелді қадағалау (АТҚ) ақпаратын өңдеудің
бағдарлама-аппаратының құралдары

11. Метеорологиялық ақпаратты өңдеудің бағдарлама-аппаратының
қ ұ р а л д а р ы

12. Жоспарлы ақпаратты өңдеудің бағдарлама-аппаратының құралдары
13. Құжаттаманы жүргізудің және ақпаратты қалпына келтіру қондырғысы
14. Диспетчерлік пульттер және бейнелеу құралдары
15. Электрмен жабдықтау қондырғысы

Навигациялық жабдықтар

16. Барлық бағыттағы ӨЖЖ радиомаяк (VOR)
17. Ұзындық өлшегіш жабдық (DME)
18. Маркерлі радиомаяк (MRM)

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
Министрлігінің азаматтық
авиация Төрағасының
2003 жылғы 9 желтоқсандағы
N 565 бұйрығымен бекітілген
әуе трассаларын әуе
кемелерімен пайдалануға
рұқсат Ережелеріне
3 қосымша

(уәкілетті органның атауы)

Әуе трассасының (әуе трассаларының) сертификаттық тексеруін жүргізуге Өтінім

1. _____
(ұйымның, өтінім берушінің атауы, оның мекен-жайы)
_____ тұлғасында
(қызметі, басшының Ф.А.Ж.)

(әуе трассасының атауы)
_____ негізінде әрекет жасайтын

(нормативті кесімдердің атауы және нұсқалары)
_____ талаптарына сәйкес келеді
және осы объектінің Азаматтық авиацияның Халықаралық ұйымының

Стандарттарының талаптарына сәйкестігіне инспекциялық тексеру жасауларыңызды сұраймыз.

2. Қ о с ы м ш а а қ п а р а т

әуе трассасының жабдықтары _____

3. Қ о с ы м ш а :

Кәсіпорын басшысы _____
(Ф . А . Ж)

_____ (қ о л ы)

М . О .

Күні _____

Қазақстан Республикасының

Көлік және коммуникациялар

Министрлігінің азаматтық

авиация Төрағасының

2003 жылғы 9 желтоқсандағы

№ 565 бұйрығымен бекітілген

әуе трассаларын әуе

кемелерімен пайдалануға

рұқсат Ережелеріне

4 қосымша

Әуе кемелерімен пайдалануға рұқсат алу мақсатында

Әуе трассасын тексеруді жүргізуге

Шешім

"__" _____ 2003 ж.

Әуе трассасын әуе кемелерімен пайдалануға рұқсат алуға Сіздердің өтінімдеріңіз және дәлелдік құжаттамаларыңызды қарай келе, келесіні х а б а р л а й м ы з :

1. Инспекциялық тексеріс _____ дан _____ ға дейінгі мерзімде жүргізіледі.

2. Тексеріс _____

(нормативті кесімдердің атаулары және нұсқаулары) талаптарына

с ә й к е с жү р г і з і л е д і .

3. Инспекциялық тексеріс _____

_____ (ұйымның атауы, мекен-жайы)

объектілерді _____

_____ тексеру (сынау) арқылы жүргізіледі.

4. Жұмыстар

негізінде жасалады.

Уәкілетті органның басшысы

(Ф.А.Ж) (қолы)

М.О.

" " 200 ж

Қазақстан

Республикасының

Көлік

және

коммуникациялар

Министрлігінің

азаматтық

авиация

Төрағасының

2003

жылғы

9

желтоқсандағы

N

565

бұйрығымен

бекітілген

әуе

трассаларын

әуе

кемелерімен

пайдалануға

рұқсат

Ережелеріне

5 қосымша

" Б е к і т е м і н "

(уәкілетті

органның

басшысы)

(қ о л ы , Ф . А . Ж)

" " 200 ж.

Әуе трассасын _____ әуе кемелерімен пайдалануға рұқсат

беру мақсатында сертификаттың тексеру актісі

" " 2003 ж.

бұйрығымен тағайындалған комиссия

құрамында

Комиссия төрағасы

Комиссия мүшелері

(фамилиясы, аты-жөні, қызметі)

_____дан _____ ға дейінгі мерзімде дәлелдік құжаттамаларды тексеріп, сертификаттық талаптардың сәйкестігіне әуе трассасына тексеру жүргізеді және келесіні анықтады:

1. Әуе трассасы пайдалануға

(әуе трассасының атауы)

2. Әуе трассасының физикалық сипаттамасы:

1) ЭТ элементінің геометрикалық мөлшері (ені, ұзындығы, пайдаланылған эшелондар (биіктігі) _____

- 2) кедергілерді шектеу және есепке алу _____
- 3) әуе трассасы бойынша негізгі нүктелер;
- 4) әуе трассасы бойынша бекітілген минималды абсолюттік биіктіктер;
- 5) әуе трассасы бойынша RNP ұйғарылған үлгісі;
- 6) әуе трассасы және оның учаскесі бойынша радиотехникалық құралдарды күшейтілген өлшемдер;
- 7) әуе трассасының радиотехникалық жабдықтарының (бұдан ары - РТЖ) және байланыс құралдарымен жабдықталуы, олардың Халықаралық Стандарттардың және Ұсынылатын тәжірибе талаптарына сәйкестігі;
- 8) РТЖ және байланыс құралдарының техникалық жағдайы, жабдықтарды пайдалану жарамдылығы сертификатының болуы;
- 9) РТЖ және ӘҚҚК - байланыс құралдарының тактика-техникалық сипаттамаларына, техникалық пайдалану Ережелерінің талаптарына және олардың жұмысқа дайындығының сәйкестігі;
- 10) электрмен жабдықтаудың негізгі резервті көздерінің жағдайы және олардың Халықаралық Стандарттардың және Ұсынылатын тәжірибе талаптарына сәйкестігі;
- 11) әуе трассасындағы "Жер-ауа" байланыстарының ӘҚҚК каналдардың радиолакациялық және радионавигациялық жиектерінің және әрекет аймақтарының сипаттамасы және олардың Халықаралық Стандарттардың және Ұсынылатын тәжірибе талаптарына сәйкестігі;
- 12) РТЖ құралдарын және байланыс ӘҚҚК каналдарын және оларды басқару жүйелерін резервтеу;
- қабылдау актісінің және РТЖ құралдары мен байланыс ӘҚҚК каналдарының ұшу жарамдылығын тексеру;
- жүйелік-кабельді ғимаратының және РТЖ және ӘҚҚК каналдарының дистанциялық қондырғысының;
 - РТЖ объектілерінде пайдалану-техникалық құжаттамаларының;
 - ӘҚҚК шектес аудандар арасындағы негізгі және резервті байланыс;
 - әуе трассасы бойынша әуе кемелерінің қозғалысына бақылаудың радиотехникалық құралдары.

3. Халықаралық Стандарттардың және Ұсынылатын тәжірибе талаптарына Әуе трассасының сәйкестігі (немесе сәйкес еместігі, барлық сәйкеспеушілік пункттері белгіленеді) туралы комиссия қорытындысы.

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

(қолы) (фамилиясы, аты-жөні)

Қазақстан

Республикасының

Көлік

және

коммуникациялар

Министрлігінің азаматтық
авиация Төрағасының
2003 жылғы 9 желтоқсандағы
N 565 бұйрығымен бекітілген
Әуе трассаларын Әуе
кемелерімен пайдалануға
рұқсат Ережелеріне
6 қосымша

(уәкілетті органның басшысы)

**Әуе трассасы (ӘТ учаскесі) бойынша
өзгерістер бекітуге өтінім**

Әуе трассасының өзгерістерін бекітуді сұраймын

(ӘТ атауын белгілеңіз)

Ұсынылған өзгерістер _____
(ӘТ бойынша ұсынылған өзгерістердің қысқа сипаты белгіленеді)

Әуе трассасы _____
(нормативті талаптар мағынасында бар құжаттардың атауын белгілеңіз)

сонымен қатар қоса ұсынылған
өзгерістерді еске ала отырып, сәйкес келеді.

Өтінім беруші ұйымының басшысы

МО

қолы, фамилиясы, аты-жөні

" ____ " _____ 200__ ж.